




ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30 ЖЫЛ



Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САЯСАТЫН ІСКЕ
АСЫРУ АЯСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ
МЕН ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ»**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**



СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

**Международной научно-практической конференции
«ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ УГОЛОВНОГО ПРАВА В
СВЕТЕ РЕАЛИЗАЦИИ ПРАВОВОЙ ПОЛИТИКИ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН»**



COLLECTION OF MATERIALS

**of the International Scientific and Practical Conference
«PROBLEMS AND PROSPECTS OF THE DEVELOPMENT OF CRIMINAL
LAW FROM THE VIEWPOINT OF IMPLEMENTATION OF LEGAL
POLICY OF REPUBLIC OF KAZAKHSTAN»**

НУР-СУЛТАН - 2021

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ
САЯСАТЫН ІСКЕ АСЫРУ АЯСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ
ҚҰҚЫҚТЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ДАМЫТУ
ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ»**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

**Международной научно-практической конференции
«ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ УГОЛОВНОГО
ПРАВА В СВЕТЕ РЕАЛИЗАЦИИ ПРАВОВОЙ ПОЛИТИКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»**

**COLLECTION OF MATERIALS
of the International Scientific and Practical Conference
«PROBLEMS AND PROSPECTS OF THE DEVELOPMENT OF
CRIMINAL LAW FROM THE VIEWPOINT OF
IMPLEMENTATION OF LEGAL POLICY OF REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN»**



УДК 343.2/.7 (574) (075.8)
ББК 67.408 (5Қаз) я73

Редакционная коллегия

Нурмагамбетов А.М. – доктор юридических наук, профессор, заведующий кафедрой гражданского, трудового и экологического права ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

Сембекова Б.Р. – кандидат юридических наук, профессор, заведующая кафедрой уголовно-правовых дисциплин ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

Тлепина Ш.В. – доктор юридических наук, профессор, заведующая кафедрой международного права ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

Галиакбарова Г.Г. – PhD, и.о. доцента кафедры гражданского, трудового и экологического права ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

Балгынтаев А.О. – PhD, заместитель декана по научной работе юридического факультета ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

Мергембаева Н.Б. – кандидат юридических наук, доцент кафедры уголовно-правовых дисциплин ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

Қ18

«Қазақстан Республикасының құқықтық саясатын іске асыру аясындағы қылмыстық құқықтың мәселелері мен дамыту перспективалары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның еңбектер жинағы = Сборник материалов международной научно-практической конференции «Проблемы и перспективы развития уголовного права в свете реализации правовой политики Республики Казахстан» = Collection of Materials of the International Scientific and Practical Conference «Problems and Prospects of the Development of Criminal Law from the Viewpoint of Implementation of Legal Policy of Republic of Kazakhstan». – Нұр-Сұлтан: «Булатов А.Ж.» жеке кәсіпкер, 2021. = Нур-Султан: ИП «Булатов А.Ж.», 2021. = Nur-Sultan: Imprenditore individuale «Bulatov A.Zh.», 2021. – 330 б. (с., р.)

ISBN 978-601-337-619-6

На международную научно-практическую конференцию представлены 60 научных статей, из них 47 статей – учеными, научными и практическими работниками и 13 статей – молодыми учеными.

На конференции наряду с казахстанскими учеными, приняли участие представители зарубежных государств, в том числе из Азербайджана, Белоруссии, Киргизии, Литвы, Польши, России, Швейцарии, Эстонии.

Научные доклады подготовлены в соответствии с темой конференции, посвящены вопросам развития и совершенствования уголовного и иных отраслей права, анализу законодательств Казахстана и некоторых зарубежных стран. Также в них исследованы актуальные вопросы и перспективы совершенствования правовых отношений в свете реализации правовой политики Республики Казахстан.

УДК 343.2/.7 (574) (075.8)
ББК 67.408 (5Қаз) я73

ISBN 978-601-337-619-6

свободы должны регулироваться только законами. Закон есть нормативная формула прав человека. Перечень ценностей, в целях защиты которых возможно ограничение прав и свобод не может быть расширен, т.е. является исчерпывающим.

На формирование правовой основы ОРД оказывают влияние нормы Конституции, закрепляющие осуществление правосудия. Так, не имеют юридической силы доказательства, полученные незаконным способом (ч. 9 ст. 77). Объективность сотрудников, осуществляющих ОРД, обеспечивается конституционной нормой о запрещении их участия в деятельности политических и общественных партий, организаций (ч. 2 ст. 23).

В прежней редакции Конституции Республики Казахстан была норма непосредственно указывающая: «... вопросы оперативно-розыскной деятельности в Республике Казахстан регулируются законом» (п. 2 ст. 84), что позволяло говорить о ее прямых конституционных основах.

Отсюда следует, что ряд основных моментов оперативно-розыскной деятельности исходит непосредственно из Конституции, другие по своему содержанию соответствуют ей, отражая специфический характер ОРД, что не умаляет их равноценности.

Задачи ОРД наиболее четко соединяются с отраслью конституционного права на основе правила: то, что закреплено Конституцией и конституционным правом в целом, подлежит неукоснительной защите силами, средствами и методами оперативно-розыскной деятельности. Прежде всего, это сферы жизни, здоровья населения, собственности, общественного порядка и многие другие.

Список использованных источников:

1. Конституция Республики Казахстан. – Алматы, 2021. – 44 с.
2. Ожегов С.И. Словарь русского языка. Изд. 3-е. - М., 1973. – 1028 с.
3. Об оперативно-розыскной деятельности: Закон Республики Казахстан от 15 сентября 1994 года № 154-ХІІІ // Правоохранительные органы: Сборник законодательных актов.
4. Горяинов К.К., Кваша Ю.Ф., Сурков К.В. Федеральный закон «Об оперативно-розыскной деятельности»: Комментарий. – М.: Новый Юрист, 1997. – 576 с.
5. Конституция Республики Казахстан: Комментарий. / Под ред. Г. Сапаргалиева. - Алматы: Жете Жаргы, 1998. – 450 с.

УДК 343.21

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҮЙЕДЕГІ ТҰЛҒА

Ғабдуллина Қанания Ғабдоллақызы

социология ғылымдарының докторы, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ социология кафедрасының профессоры,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
E-mail: raisov777@mail.ru

Тұлға – қоғамдық қатынастардың субъектісі. Тұлғаны әлеуметтік тұрғыдан талдау оның құрылымын анықтаудан басталады. Оны қарастырудың түрлі жолдары бар. Олардың арасынан тұлғаның құрылымынан үш элементті «ол», «мен» және олардан жоғары «супер эго» түрінде қарастыратын З.Фрейдтің тұжырымдамасын бөліп айтуға болады. «Ол» - бұл біздің түйсіктеріміз басым, айсбергтің көрінбейтін бөлігі сияқты сана түкпіріміз. «Мен» - түйсіктермен байланысты, дүркін-дүркін оған кіріп отыратын сана. «Эго» - санасыздықты қоғамға ыңғайлы қалыпта ұсынуға тырысады, «меннен» жоғары, моральдық нормалар мен принциптердің жиынтығын құратын, адамгершіліктің «қадағалаушысы», ішкі бақылаушысы іспетті.

Сондықтан да біздің санамызда барлық уақытта, бір жағынан, оған кіретін түйсіктермен, екінші жағынан, «меннен жоғары» талап қоятын моральдық тыйым салулар арасындағы тартыс жүріп жатады. Фрейдтің танылғанынан танылмағаны көп биологиялық және әлеуметтік жағынан ұштасып жатқан тұлға мінез құлықтарының көптеген жақтары қылмыстық құқық саласына тигізетін пайдалы әсері бар екеніне күмән жоқ.

Адам құқығы оның міндетімен байланысады, сондықтан олардың жүзеге асырылуы нақтылы жағдайларға тікелей қатысты, адамға берілген құқық оның мүмкін болған мінез-құлық түрі мен өлшемінен сипат алады. Адам бостандықтары ешқандай жағдайларға байланысты болмайды, ол оның еркінің нәтижесі. Мысалы, біздің азаматтарымыздың құқықтары мен бостандықтары Қазақстан мемлекеті мойындайтын әрі кепілдік беретін өз азаматтарының белгілі бір мінез-құлқының заңдық мүмкіндіктерін көрсетеді. Мысалы, индустар құқығы, мұсылмандар құқығы т.б. Сонымен қатар, бүкіләлемдік немесе аймақтық көлемде мемлекетаралық және сыртқы сауда қатынастарын реттеуге арналған халықаралық құқық та болады.

Ерте заманнан бастап роман-герман құқықтық жүйесі жария және жеке құқық принципіне бөлінген болатын. Мысалы, атақты жапон елінің ғалымдары Сакаэ Вагацума мен Тору Арийдзуми былай дейді: «Адамзаттың барлық қатынастарын екі топқа бөлуге болады: жеке тұлға ретінде әлеуметтік қатынастар (мүліктік қатынастар және азаматтық ахуал) және мемлекеттің қатынастары (мемлекеттің құрылымы мен ұйымдастырушысы, құрылымды жүзеге асыру және тағы басқа). Оның біріншісінде жеке құқықтық қатынастар, екіншісінде жария қатынастар болады». Мұндай бөліну барлық жүйелерге тән емес. Мысалы, англо-саксон жүйесі құқықты жеке және жария деп бөлмейді.

Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесі де жеке және жария құқық деп бөлінбеген. Айта кететін тағы бір жағдай, Англияда «Жалпы құқық» король сотымен құрылып, бүкіл Англияға қолданылатын құқық болып табылады. Сондықтан ағылшындар заңгерлерді «жалпы құқықтың» заңгерлері және «әділдік құқығының» заңгерлері деп бөліп қарайды.

Ал, құқықтың мұсылман жүйесі шариатқа негізделген. «Шариат» - арабтың «шариа» - «мақсатқа жетудің дұрыс жолы», «шариа» - «заңдарды жолдау, шығару» деген ұғымдарды білдіреді. Осы түбірден келіп «ташриун» - «заң шығару», «шариун» - «заң шығарушы», «мута-зағ шариун» - «заң маманы» деген сөздер шыққан. Ислам – дін заңы болып есептелінеді. Мұсылман құқығы («фикһ» деп аталады) шариаттың құрамдас бөлігі болып саналады. Мұсылман құқығы құқықтың мынандай негіздерінен тұрады: 1. Құран – исламның қасиетті кітабы; 2. сунна - Мухаммед:пайғамбардың сөздері мен уағыздары; 3. қияс – аналогия; 4.иджма – ірі құқықтанушылар мен дін ілімінің пікірлері; 5.фетв – жоғары діни білімпаздарының заң туралы түйіндері; 6.адат – исламды насихаттайтын арабтар мен басқа халықтардың дәстүрі мен әдет-ғұрыптары.

Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы - ҚР құқықтық жүйесіне кіретін өз алдына жеке құқық саласы. Қылмыстық заң қоғамға қауіпті қандай әрекеттер қылмыс болып табылатынын анықтап, оларға жаза бекітеді. Қылмыстық құқық пәнінің үш түрлі бағытта шоғырланғандығын байқауға болады: реттеуші, қорғаушы, қылмыстың алдын алушы қоғамдық қатынастар.

Қылмыстық құқықтың барлық нормалары екіге: жалпы және ерекше немесе қылмыстық бөлімге бөлінеді. Бұл екеуі бір-бірімен тығыз байланысты.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 18 – бабының 1 – тармағында «Әркімнің жеке өміріне, өзінің және отбасының құпиясына қол сұғылмауына, абыройы мен ар-намысының қорғалуына құқығы бар», - делінген. Жеке өмірге қол сұғушылық адамдардың жеке өмірі туралы немесе оның отбасы туралы әртүрлі мәліметтері (адамның денсаулығы, өмір сүру салты, дінге көзқарасы, жеке творчестволық жоспары, басқа адамдармен қарым-қатынасы т.б. Қылмыстың субъектісі 16-ға толған кез келген есі дұрыс адам өз ісіне заң алдында жауап береді. Сондықтан Конституцияның 18-бабының 1-тармағына сәйкес азаматтардың жеке өміріне қол сұғуға болмайды. Азаматтардың хат-хабар жазысу, телефонмен

сөйлесу, телеграф арқылы хабарласу құпиясын бұзған адамдар тәртіпке, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясында «мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар және бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматқа өзінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті» - делінген (18-баптың 3-тармағы).

Адам әрқашанда еркіндікті қалайды. Еркіндік дегеніміз әрбір адам өз қалауымен және өз түсініктері бойынша істеуіне болатын істерді атқаруға сыртқы кедергілердің болмауы. Адам бір әрекетті істеу керек пе, әлде істемеу керек пе, ол әрекеттен маған жақсылық болама, әлде жамандық болама деп ойлайды.

Адам әр қашанда өзінің жеке басының еркіндігін қалайды. Дегенмен қылмыс жасаған адам өзінің еркіндігіне нұқсан келтіреді.

Қоғамдық тәртіп дегеніміз – қоғамдық тыныштықтың, азаматтардың, қоғамдық орындардағы лайықты мінез-құлқының, ұйымдардың, мекемелердің, кәсіпорындардың, қоғамдық немесе жеке басына қол сұғылмаушылықты қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастардың жиынтығы болып табылады.

Бұзақылықтың заты – бөтеннің мүлкі болса, тағылықтың заты – үйлер, өзге де ғимараттар, қоғамдық орындардағы мүлік болып табылады. Тағылықтың объективтік жағы үйлерді немесе өзге де ғимараттарды жазулармен, суреттермен немесе қоғамдық адамгершілікті қорлайтын іс-әрекеттермен, сол сияқты көлікте немесе өзге де қоғамдық орындарда мүлікті қасақанға бүлдіру арқылы сипатталады.

Заңдылық қағидасы кең мағынада барлық адамдардың заңды қатаң сақтауын білдіреді. Бұл – біріншіден, ал екіншіден заңдылық қағидасы мемлекетте сапалы жасалған заңның өмір сүруін талап етеді. Заңды сақтау дегеніміз, заңның өзінен кіші заңдардан жоғары тұруын білдіреді. Қоғамда заң ескіріп, қоғам дамуынан қалып қоюы мүмкін. Онда заңды қайта қарап, өмір талабына сай жаңартып отыру керек, яғни заңды толықтырып отыру керек.

Барлық адам заң алдында тең болуы керек. Заң алдындағы теңдік – мемлекет байлығының – ең үлкен байлығы.

Әлеуметтану – адамды әлеуметтік өмірге енгізетін күрделі процесс. Адам экономикалық, қоғамдық – саяси басшылық, мәдени, педагогикалық т.б. істерді атқара жүріп, материалдық және рухани игіліктерді жасайды.

Адамдардың әлеуметтік мінез-құлқын зерттеуге Америка социологтары Ч.Кули мен Г.Мид еңбектерінде қалыптастырылған «символдық интеракционизм тәртібі» тұжырымдамасы айтарлықтай үлес қосты.

Ч.Кули әлеуметтік ортаны алғашқы және кейінгі деп бөлуді ұсынды. Ол алғашқы ортаны (отбасы, құрдастар ортасы, көршілер, жергілікті орта) жеке тұлға қалыптасып, әлеуметтенетін, ал тәртібі жекелік тұлғалық сипатта болып, қарапайым байланыстармен, іс-әрекеттермен ерекшеленетін негізгі әлеуметтік ұя саналады. Жоғарыда атап өткеніміздей, Кули ғылымға «мен-айна» тұжырымын ұсынды. Тәртіп актілерінде адамдар бір-біріне ерекше бір айна ретінде қызмет етеді. Сондықтан біздің өзіміз туралы пікіріміз көп жағдайда біздің басқа индивидтермен болған қарым-қатынастарымызға байланысты. Г.Мид Ч.Кулидің талдауын әрі қарай жалғастырды. Ол «адамдардың тәртібі – марапаттау мен жазалауға әлсіз қарсылығы» деген пікірге қарсы шығып, олардың іс-әрекеттерін әлеуметтік байланыстарға негізделген әлеуметтік тәртіп түрінде қарастырады. Ғалымның ұйғаруынша, адамға басқа адамдардың іс-әрекеттері ғана емес, сондай-ақ олардың ой-ниеттері де әсер етеді. Ол басқа адамға жауап берместен бұрын алдымен оның іс-әрекеттерінің сырына үңіледі. Өзін әңгімелесушінің немесе әріптесінің орнына қойып, «басқаның рөлін ойнауды» қажет санайды. Біз бір нәрсеге мән берген кезде ол символға айналады, яғни біздің басқа адамдармен қарым-қатынастарымыздағы ұғым баға, іс-әрекет немесе нышан басқа іс-әрекеттердің, нышандар мен ұғымдардың мәнін мегзейді немесе білдіреді. Мысалы, жоғары көтерілген қол сәлемдескенді, көлікке тоқта леген өтінішті немесе басқа адамға қол жұмсау ниетін білдіреді. Осы ишараны дұрыс түсінгенде ғана барып, біз оған дұрыс жауап бере аламыз.

Г.Мид әлеуметтану жүйесіндегі адамдардың әрекеттеріндегі екі негізгі құрамдас бөлікті атап көрсетеді: ақыл (пікір) және «мен өзім». Өзің «өз» болып қалу үшін, тұлға ретінде әлеуметтенудің, басқа адамдармен дұрыс қарым-қатынастарда болуың үшін символдарды дұрыс түсініп, оларды орынды пайдалануды үйрену керек.

Г.Мидтің тұжырымдамасы бойынша, біз өзімізді басқалармен қарым-қатынастар барысында дамытып, білімімізді, іскерлігімізді, тәртібімізді жетілдіреміз, бірақ осының барлығы да өзімізді өзіміз тәртіпке келтіру арқылы ғана мүмкін болады. Біз бір-бірімізбен өзара ықпалдастық процесінен әрқайсымыз өз іс-әрекетімізді, тәртібімізді біз үшін маңызы бар басқа адамдардың іс-әрекеттерімен салыстыруға мүмкіндіктер беретін белгілі бір ортада болатын көптеген өзара қарым-қатынастар моделіне көшеміз. Адамдардың тәртібі басқа адамдармен үздіксіз сұхбаттан тұрып, адамдар осы процесс барысында сансыз көп бақылаулар жасайды, символдарды ұғыну арқылы бір-бірінің ой-ниеттерін ақыл елегінен өткізеді деген тұрғыдан келіп, Г. Мидтің шәкірті, әрі жолын қуушылардың бірі Г.Бумер бұл әлеуметтік тұжырымдаманы «символдық интеракционизм тәртібі» деп атады.

Қоғамдағы индивидтердің әлеуметтік тәртібі шартты түрде нормативтік және нормативтік емес (антинормативтік) болып бөлінеді. Нормативтік тәртіптің сақталуы кезінде адамның әлеуметтік тәртібі қоғамда үстемдік етіп тұрған нормалармен, мәдениет құндылықтарымен реттеледі. Нормативтік емес тәртіп белгілері байқалған кезде адамның әлеуметтік тәртібі қоғам ұсынатын нормаларды орындаудан бас тартады, елемейді не қасақана бұзады. Қоғам ұсынатын нормалардан бас индивидтердің тәртібін «девианттық қылық» деп атайды. Девианттық қылыққа маскүнемдік, жезөкшелік, жемқорлық, жалған банкнот жасаушылық, сатқындық, кісі өлтірушілік т.б. жатады.

Қоғам оның мүшелерінің көпшілігі орныққан нормаларды, мәдени құндылықтарды қабылдап, басқа индивидтердің күткеніне сай іс-әрекеттер жасағанда ғана орнықты өмір сүре алады. Қоғамның өзгеруімен бірге оның нормалары мен құндылықтары да өзгеріп отырады. Күні өткен дәстүрлер бірте-бірте қалып, жаңа өміршең нормалар қалыптасып, адамдардың сана-сезіміне орныға бастайды.

Әлеуметтік тәртіп арқылы жеке адамның тұлғалық сапалары, оның мәдени деңгейі, мінезі, қажеттіліктері, наным-сенімі, көзқарасы, талғамы, сондай-ақ оны қоршаған әлеуметтік өмірге, басқа индивидтерге және өзіне өзінің қарым-қатынастары көрініс береді.

Әлеуметтік байланыстар бес түрлі сипатта болуы мүмкін: біріншіден, әрқайсысы өзіндік қасиеттерімен ерекшеленетін адамдардың өзара ықпалдастығы; екіншіден, әлеуметтік қарым-қатынастардың қалыптасуын, әлеуметтік топтардың құрылуын туғызатын әлеуметтік ықпалдастық; үшіншіден, негізінен қала, ауыл, ұжым т.б. арасында болатын топтық ықпалдастық; төртіншіден, қоғамдағы әлеуметтік орнына орай жасайтын іс-әрекеттері, атқаратын рөлі, әлеуметтік жүйеде көрініс табатын әлеуметтік иерархия; бесіншіден, әлеуметтік жүйенің құрамдас бөліктері қызметінің сипаты мен мазмұнын айқындайтын нормалар мен құндылықтардың жиынтығы түрінде болады.

Демек, қоғам өзінің құрылымдылық ұйымдасуы, яғни оны құрайтын бөліктердің өзара қарым-қатынастары, әрекеттері тұрғысынан сипатталады.

Қоғам – күрделі құрылымды, өздігінен дамып отыратын әлеуметтік жүйе.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қ.Ғабдуллина. Құқық социологиясы. Алматы. 2003.
2. Қ.Ғабдуллина. Құқық социологиясы. Алматы. 2016.
3. Раймон Арон. Этапы развития социологической мысли. М., 1993.
4. Гегель Г. Философия духа. Энциклопедия философских наук. М., 1977.
5. Қазақстан Республикасы Конституциясының түсіндірме сөздігі. Алматы. 1996.
6. Керимов Г. М. Шарият и его социальная сущность. М., 1978.
7. Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Ерекше бөлім. Алматы. 2000.